

Экономикалық қылмыстарға қарсы күрестің пәрменділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1998 жылғы 6 мамырдағы N 3935. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Елдің экономикалық қауіпсіздігін одан әрі нығайту, экономикалық қылмыстарға қарсы күрестің пәрменділігін арттыру мақсатында, Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 3), 21) тармақшаларына, " Қазақстан Республикасының Президенті туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығына сәйкес қаулы етемін:

1. Таратылатын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық полициясы департаменті мен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Экономикалық полиция департаментінің базасында таратылатын департаменттердің өкілеттіктері беріле отырып, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық полициясы комитеті құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық полициясы комитетінің негізгі міндеттері мыналар:

1) салықтарды төлемеу немесе мемлекет алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелерін орындамаумен байланысты қылмыстардың алдын алу, оларды анықтау және тексеру;

2) мемлекетке зиян келтіруге әкеп соққан өзге де экономикалық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға қарсы күрес;

3) экономикалық қылмыстарға қарсы күрес саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуге және оны іске асыруға қатысу;

4) экономикалық қылмыстарға қарсы күрес саласындағы халықаралық ынтымақтастық болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) 1998 жылғы 1 шілдеге дейін Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі мен өзге де заң актілеріне осы Жарлықтан туындайтын тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейтін Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеп, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізетін болсын;

2) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің тергеу-жедел бөлімшелерінің тиісті штат санын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық полициясы комитетіне беруді жүргізсін;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын шығарылған актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін;

4) осы Жарлықтан туындайтын басқа да шаралар қолдансын.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті